

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 қыркүйектегі № 874 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕДЕДІ:**

1. Ялта қаласында 2009 жылғы 20 қарашада қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін

2. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеру саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

(2011 жылғы 9 қаңтарда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені,
2011 ж., № 2, 19-күжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалардың себептерін объективті түрде анықтау маңыздылығын назарға ала отырып,

осы Келісімге қатысушы бір мемлекеттің аумағында екінші мемлекеттің мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеруді үйымдастыруға бірынғай ұстанымды қамтамасыз ету мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар пайдаланылады:
«авиациялық оқиға» - әуе кемесінің бортында болған қандай да бір адамның қаза табуына (өлімге әкеп соқтыратын дене жарақатына) және/немесе осы әуе кемесінің мүлдем істен шығуына әкеп соқтырган әуе кемесін ұшырып пайдалануға байланысты

О К И Г А ;

«мемлекеттік авиация» - ТМД-ға қатысушы мемлекеттің әскери, шекара, милиция, кеден және басқа да мемлекеттік қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланылатын авиация ;

«мемлекеттік әуе кемесі» - мемлекеттік авиацияның әуе кемесі;

«авиациялық оқиғаны тексеру» - қаралып жатқан оқиғаға қатысты фактілер, шарттар мен жағдайлар туралы ақпаратты анықтауды, жинауды және зерделеуді, зерттеулер, сараптамалар және эксперименттер жүргізуді, алынған деректерді жинақтау мен талдауды, жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытындылар және авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдар дайындауды қамтитын үдеріс;

«авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдар» - тексеру кезінде алынған ақпарат негізінде жасалған және авиациялық оқиғаларды болдырмауға бағытталған ұсыныстар ;

«мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігінің уәкілетті органы» - мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеруді, оларды жіктеу мен есепке алуды, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігіне қатысты бөлігінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясы авиациялық персоналдың қызметіне мемлекеттік ведомствоаралық бақылауды жүзеге асыратын орган.

2-бап

Тараптар өздерінің уәкілетті органдары арқылы осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеру ережесіне (қоса беріліп отыр) сәйкес осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарында мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеру саласында ынтымақтасады.

3-бап

Авиациялық оқиғаны тексерудің мақсаттары авиациялық оқиғаның себептерін анықтау және авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдарды әзірлеу болып табылады .

Авиациялық оқиғаны тексерудің мақсаты біреудің кінәсін және жауапкершілігін анықтау болып табылады .

Біреудің кінәсін немесе жауапкершілігін анықтауға бағытталған кез келген сот немесе әкімшілік тексеру осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті келісімдері және ұлттық заңнамасы негізінде авиациялық оқиғаны тексеруден бөлек жүргізіледі.

4-бап

Тараптар ғылыми өзірлемелерді жүргізу, авиациялық оқиғаларды тексерудің техникалық құралдары мен кешенді жүйелерін жобалау, жасау, сатып алу және енгізу кезінде үйлестірілген қызметті, оның ішінде авиациялық оқиғаларды тексеру әдістерін жетілдіру жөніндегі бірлескен бағдарламаларды әзірлеу жолымен жүзеге асырады.

5-бап

Авиациялық оқиғаларды тексеру және мемлекеттік әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мамандар даярлау мен қайта даярлау Тараптар арасындағы келісімдер негізінде келісілген әдістемелер мен бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады.

6-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмеген болса, Тараптар, олардың осы Келісімді орындауы барысында туындастын шығыстарды дербес көтереді.

7-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыру барысында ақпарат беруші Тарап оған қатысты қупиялылықты сақтау қажеттігіне шарттасқан ақпаратты қорғау режимін қамтамасыз етеді. Осындағы ақпаратты беру осы Келісімге қатысуыш мемлекеттердің тиісті келісімдері және ұлттық заңнамасы негізінде жүзеге асырылады.

8-бап

Осы Келісім осы Келісімге қатысуыш мемлекеттің әрқайсысының ол қатысуышы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан ол үшін туындастын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелерін іске асыру үшін мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігінің уәкілетті органын айқындаиды, ол туралы мемлекетішлік ресімдерді орындағаны туралы ақпаратпен бір уақытта депозитарийді хабардар етеді.

Мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі уәкілетті органының атауы өзгерген жағдайда тиісті Тарап депозитарийді бұл туралы хабардар етеді.

10-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге тиісті хаттамамен ресімделетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіру кезінде туындастын Тараптар арасындағы даулы мәселелер мұдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен шешіледі.

12-бап

Осы Келісім белгіленбекен мерзімге жасалады.

Тараптардың әрқайсысы депозитарийге шығу күніне дейін алты айдан кешіктірмей өзінің осындай ниеті туралы жазбаша хабарлама жолдай отырып және Келісімнің қолданылуы уақытында туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерін реттей отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

13-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін оған ТМД-ға қатысуши кез келген мемлекеттің депозитарийге қосылу туралы құжатты беру жолымен қосылуы үшін ашық.

Қосылушы мемлекет үшін Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

14-бап

Осы Келісім депозитарий оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік ресімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарлама алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік ресімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2009 жылғы 20 қарашада Ялта қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды . Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жолдайды.

Әзіrbайжан Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Түркменстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Қыргыз Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Украина Үкіметі үшін

М о л д о в а Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі үшін
2 0 0 9 ж ы л ф ы 2 0 қ а р а ш а д а ф ы
Тәуелсіз мемлекеттер Достастығына
қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік
әуе кемелерімен авиаациялық
оқиғаларды тексеру саласындағы
ынтымақтастық туралы келісімге
қосымша

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиаациялық оқиғаларды
тексеру ережесі**

Осы Ереже авиаациялық оқиғаларды тексеруді ұйымдастыруға бірыңғай ұстанымды қамтамасыз етуге бағытталған және осы Келісімге қатысушы бір мемлекеттің аумағында екінші мемлекеттің мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиаациялық оқиғаларға қолданылады.

I. Жалпы ережелер

Осы Ереже осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиаациялық оқиғалардың анықтамалары мен жіктемесін қамтиды, тексеру жүргізу тәртібін және уәкілдегі оқілдер мен олардың кеңесшілерінің осы Келісімге қатысушы бір мемлекеттің аумағында екінші мемлекеттің мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиаациялық оқиғаларды тексеруге қатысуы дәрежесін белгілейді.

Осы Келісімге қатысушы бір мемлекеттің аумағында екінші мемлекеттің мемлекеттік әуе кемелерімен болған әрбір авиаациялық оқиға міндетті түрде тексерілуғе тиіс.

Авиациялық оқиғаны тексеру - қаралып жатқан оқиғаға қатысты фактілер, шарттар мен жағдайлар туралы ақпаратты анықтауды, жинауды және зерделеуді, зерттеулер, сараптамалар және эксперименттер жүргізуді, алынған деректерді жинақтау мен талдауды, жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша авиаациялық оқиғаның себептері туралы қорытындылар және авиаациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдар дайындауды қамтитын үдеріс.

II. Жіктеме және анықтамалар

1. Авиациялық оқиғалар:
 - а) авиациялық оқиғалар;
 - б) авиациялық тосын оқиғалар;
 - в) төтенше оқиғалар;
 - г) жерүсті оқиғалары болып бөлінеді.
2. Авиациялық оқиғалар олардың салдарына байланысты:
 - а) апаттар;
 - б) авариялар болып бөлінеді.
3. Авиациялық инциденттер, олардың қауіптілік дәрежесіне және салдарына байланысты:

- а) авиациялық инциденттер;
- б) елеулі авиациялық инциденттер болып бөлінеді.

Авиациялық оқиғаларды тексеруді ұйымдастыруға бірыңғай ұстанымды қамтамасыз ету мақсатында мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

«авиациялық оқиға» - барысында ерекше жағдай туындаған (туындағын) оның әуе кемесін ұшырып пайдаланумен байланысты оқиға.

Ерекше жағдай - қауіпті факторлардың пайда болуы (әсері) нәтижесінде әуе кемесін ұшырып пайдалану үдерісінде туындаған жағдай.

Қауіпті фактор - оның пайда болуы ерекше жағдайдың туындауына және/немесе өршуіне әкеп соқтырған (әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін) ықтимал себеп (фактор);

«авиациялық оқиға» - әуе кемесінің бортында болған қандай да бір адамның қаза табуына (өлімге әкеп соқтырған дене жарақатына) және/немесе осы әуе кемесінің мүлдем істен шығуына әкеп соқтырған әуе кемесін ұшырып пайдалануға байланысты оқиға.

Әуе кемесі:
әуе кемесі толық қирағанда;
әуе кемесінің (оның сынықтарының) жатқан орны анықталмағанда және оны ресми іздестірудан токтатылғанда;

олардағы ақауларға қарамастан, әуе кемесін, оны мәжбүрлі түрде қонған орнынан эвакуациялау мүмкін болмағанда немесе орынсыз болғанда;

әуе кемесін қалпына келтіру мүмкін болмағанда немесе экономикалық түрғыдан орынсыз болғанда істен шықты деп саналады;

«авиациялық инцидент» - мемлекеттік әуе кемесінің тұтастығына және/немесе оның бортындағы адамдардың өміріне қатер төнген немесе төнүі мүмкін мемлекеттік әуе кемесін ұшырып пайдалануға байланысты, бірақ авиациялық оқиғамен аяқталмаған

о қ иғ а ;

«авария» - адам шығындарының болған авиациялық оқиға; «апат» - қандай да бір адамның өліміне әкелген дене жарақатына немесе әуе кемесі жолаушыларының немесе экипаж мүшелерінің хабарсыз кетуіне әкеп соқтырған

авиациялық оқиға .

Адамның өліміне әкелген дене жарақаты - тек статистикалық деректерді бірегейлендіру мақсатындағы дене жарақаты, оның нәтижесінде оқиға болған сәттен бастап 30 күн ішінде адамның өліміне әкелген дене жарақаты ретінде жіктеледі;

«елеулі авиациялық инцидент» - авиациялық оқиғаның ықтималдығын едәуір арттыруды сипаттайтын жағдайлардың туындаудың байланысты авиациялық инцидент, оны болдырмау үшін экипаждың және/немесе әуе қозғалысы ұйымы органдарының әуе қозғалысына әуе кемесінің қалыпты ұшу жағдайларында қолданылмайтын күрделі және/немесе шұғыл іс-қимылдармен қызмет көрсетуді орындаудың талап етеді.

Елеулі авиациялық инциденттерге мынадай белгілер тән:

әуе кемесінің ұшырып пайдалану жағдайлары шегінен шығуы;

әуе кемесінің экипажына немесе жолаушыларына зиянды әсер етуіндегі туындауды (түтін, булар, улы заттар, уытты газдар, жоғары немесе төмен температура, қысым және т . б .) ;

әуе кемесінің орнықтылық пен басқарушылық сипаттарының, ұшу немесе беріктілік сипаттарының едәуір нашарлауды ;

әуе кемесі экипажы мүшелерінің жұмыс істеу қабілетінің едәуір төмендеуді;

әуе кемесінің экипажына психофизиологиялық жүктеменің едәуір артуы;

өрт, басқару элементтерінің бұзылуы немесе ажырауы, қозғалтқыштың, трансмиссияның және т.б. оқшауланбаған бұзылуы нәтижесінде әуе кемесінің өмірлік маңызды элементтерінің нақты ықтимал зақымдануының туындауды;

«әуе кемесін ұшырып пайдалану» - ұшқыш құрамының әуе кемесін ұшу алдындағы тексеру жүргізуді бастағанынан бастап және әуе кемесінің ұшу мақсатында бортында болған барлық адамдар әуе кемесінен кеткен сәтке дейінгі кезеңді қамтитын әуе кемесін пайдалану үдерісі ;

«жерүсті оқиғасы» - зақымданған немесе істен шыққан әуе кемесіне қызмет көрсетуге, сақтауға немесе тасымалдауға байланысты оқиға;

«авиациялық оқиғаның себептері (факторлары)» - авиациялық оқиғаға әкеп соқтырған іс-әрекет, әрекетсіздік, жағдайлар, шарттар немесе олардың үйлесуі;

«төтенше оқиға» - мынадай салдардың бірі болған әуе кемесін пайдалануға байланысты авиациялық оқиғаға жатпайтын оқиға:

жауынгерлік ұшу уақытында террористік акті, әуе кемесін ұшырып әкету немесе ұшырып әкетуге әрекет ету нәтижесінде әуе кемесінің істен шығуы немесе оның бортындағы адамдардың қаза табуы ;

әуе кемесін әуеайлақтан тыскары жерге мәжбүрлі қондырғаннан кейін сыртқы

ортаның қолайсыз әсер етуі салдарынан әуе кемесінің бортындағы адамдардың қаза табуы;

басқа әуе кемесімен болған авиациялық оқиға салдарынан әуе кемесінің істен шығуы немесе жердегі (корабль полубасындағы) адамдардың қаза табуы;

төтенше жағдай аймақтарында арнайы міндеттерді орындау кезінде әуе кемесінің істен шығуы немесе онда болған адамдардың қаза табуы;

«оқиға болған мемлекет» - аумағында авиациялық оқиға орын алған мемлекет;

«әуе кемесі тіркелген мемлекет» - тізілімінде мемлекеттік әуе кемесі тіркелген мемлекет;

«әуе кемесін пайдаланушы мемлекет» - аумағында мемлекеттік әуе кемесін пайдаланатын ұйым қызметінің негізгі орны немесе, егер мемлекеттік әуе кемесін пайдаланатын ұйымның осындай қызмет орны болмаса, осы ұйымның тұрақты болатын орны орналасқан мемлекет;

«мұдделі мемлекеттер» - оқиға болған мемлекет; әуе кемесі тіркелген мемлекет; әуе кемесін пайдаланушы мемлекет; әуе кемесін түпкілікті жинауға жауапты ұйымға қатысты заңды құзыры бар мемлекет; әуе кемесінің ұлгісін құрастыруға жауапты ұйымға қатысты заңды құзыры бар мемлекет, сондай-ақ авиациялық оқиға кезінде азаматтары қаза тапқан немесе дene жарақатын алған мемлекет;

«тексеру жөніндегі комиссия төрағасы» - онда тиісті біліктіліктің бар болуына орай тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу тапсырылған адам;

«үәкілетті өкіл» - осы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясының ұшулар қауіпсіздігі үәкілетті органының басшысы басқа Тарат жүргізетін авиациялық оқиғаны тексеруге қатысады тапсырған адам;

«үәкілетті өкілдің кеңесшісі» - тиісті біліктілігі бар және үәкілетті өкілік авиациялық оқиғаны тексеру жүргізуде көмек көрсететін адам;

«әуе қозғалысына қызмет көрсететін органдар» - әуе қозғалысына (ұшуларды басқаруға) қызмет көрсетуді не әуе кеңістігін пайдалану жөніндегі өзге де қызметті жүзеге асыратын әуе кеңістігін пайдаланушыларға әуе қозғалысына (ұшуларды басқаруға) қызмет көрсететін органдар.

III. Авиациялық оқиғаларды тексеру

Тексеруді ұйымдастыру

4. Мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеруді оқиға болған мемлекет болып табылатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясының ұшулар қауіпсіздігінің үәкілетті органы ұйымдастырады.

5. Оқиға болған мемлекет тексеру құқығын әуе кемесі тіркелген мемлекетке немесе осы Келісімге қатысушы басқа мұдделі мемлекетке беруге құжатпен

р ә с і м д е л е д і .

Бұл жағдайда тексеруді тексеруге құқық берілген осы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясының ұшулар қауіпсіздігінің уәкілетті органы үйымдастырады.

6. Мемлекеттік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеруді тиісті мемлекет қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға, осы Ережеге және оқиға болған мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес тексеруді жүргізетін осы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясы ұшулар қауіпсіздігінің уәкілетті органы құрған комиссия жүргізеді.

7. Мұдделі мемлекеттер авиациялық оқиғаны тексеруге қатысу үшін өз уәкілетті өкілдері мен уәкілетті өкілдерінің кеңесшілерін тағайындауы мүмкін.

Уәкілетті өкілдердің құрамы туралы хабарлама дипломатиялық арналар арқылы жіберіледі.

8. Тексеру жүргізетін осы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясы ұшу қауіпсіздігінің уәкілетті органы авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссия жұмыс органдарының құрамына мұдделі мемлекеттердің уәкілетті өкілдері мен уәкілетті өкілдерінің кеңесшілерін қамтиды.

9. Мұдделі мемлекеттердің уәкілетті өкілдері мен уәкілетті өкілдері кеңесшілерінің авиациялық оқиғаны тексеруге қатысу дәрежесін тексеру жүргізетін осы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясы ұшу қауіпсіздігінің уәкілетті органы айқындауды және комиссия төрағасының келісімі бойынша және оның бақылауымен оларға мұнадай құқық береді:

авиациялық оқиға орнына бару;

әуе кемесін немесе қираган әуе кемесінің бөлшектерін, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету құралдары мен объектілерін қарau;

куәгерлердің көрсеткіштерін қамтитын ақпаратты алу және олардан сұrau тақырыбын ұсыну;

авиациялық оқиғаға қатысты барлық заттай айғақтарға рұқсат алу;

авиациялық оқиғаға қатысты құжаттарды алу;

авиациялық оқиғаны тексеру мақсатында авиациялық оқиға орнынан тысқары жерлерде агрегаттарды қарau және зерттеу, техникалық консультациялар, сынаулар және модельдеу сияқты тексеру жөніндегі іс-шараларға қатысу;

авиациялық оқиға бойынша қорытындыларды, себептер мен ұсынымдарды тұжырымдауға байланысты кеңестерге қатысу.

10. Авиациялық оқиғаны тексеруге қатысатын адамдардың тиісті біліктілігі болуға тиіс, тексеру жүргізіліп жатқан ұшуды ұйымдастыруға, орындауға, қамтамасыз етуге немесе қызмет көрсетуге қатысы болмауға тиіс, сондай-ақ авиациялық оқиғаға қатысы бар заңды немесе жеке тұлғалардың алдында қаржылық міндеттемелері бар сақтандыру компанияларының мұдделерін білдіре алмайды.

11. Тексеруге тартылатын адамдарды оқиға болған мемлекеттің аумағына жеткізуі және кері қайтаруды осы өкілдерді жіберуші осы Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясы үшу қауіпсіздігі уәкілетті органының басшысы ұйымдастырады

Комиссия мүшелері мен тексеруге тартылатын адамдарды авиациялық оқиға болған орынға тасымалдауды және кері қайтаруды оқиға болған орын мемлекеттің мемлекеттік авиациясы үшу қауіпсіздігі уәкілетті органының басшысы ұйымдастырады

12. Осы Келісімге қатысушы мемлекеттің атқарушы билік органдары, ұйымдары, дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері комиссияның жұмысына жәрдем көрсетеді.

Авиациялық оқиға туралы хабардар ету

13. Авиациялық оқиға болған жағдайда әуе кемесінің ұшуына тікелей басшылықты (басқаруды) жүзеге асыратын әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары оқиға болған мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

14. Оқиға болған мемлекеттің мемлекеттік авиациясы үшу қауіпсіздігінің уәкілетті органдары авиациялық оқиға туралы әуе кемесін тіrkеген мемлекетті, әуе кемесін пайдаланушы мемлекеттің мемлекеттік авиациясы үшу қауіпсіздігінің уәкілетті органдарын, ал қажет болған жағдайда басқа да мүдделі мемлекеттердің мемлекеттік авиациясы үшу қауіпсіздігінің уәкілетті органдарын деру хабардар етеді.

Авиациялық оқиға кезіндегі лауазымды тұлғалардың іс-әрекеті

15. Әуе кемесін іздестіруді ұйымдастыру, оның жолаушылары мен экипаж мүшелерін құтқару, оларға көмек көрсету оқиға болған мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Мүдделі мемлекеттер тиісті ұйымдарының басшылары авиациялық оқиға туралы ақпаратты алған кезде осы әуе кемесін әзірлеуге, сынауға, жасауға, жөндеуге және пайдалануға қатысты құжаттаманың сақталуын қамтамасыз ету және оның ұшуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

17. Ұшудан оралмаған мемлекеттік әуе кемесін іздестіруді тоқтату туралы шешімді әуе кемесін пайдаланушы мемлекеттің атқарушы билік органдымен немесе ұйымының басшысымен келісім бойынша оқиға болған мемлекеттік мемлекеттік авиациясы үшу қауіпсіздігі уәкілетті органының басшысы қабылдайды.

18. Мемлекеттік әуе кемесін эвакуациялаудың орындылығы туралы шешімді комиссия төрағасымен келісім бойынша әуе кемесін тіrkеген мемлекеттің атқарушы билік органдары мен ұйымдарының басшылары қабылдайды.

IV. Авиациялық оқиға туралы ақпаратқа жариялышық беру тәртібі

19. Авиациялық оқиға фактісі туралы ақпаратқа жариялышық беру тәртібі осы Келісімге қатысушы мемлекеттің ұлттық заңнамасымен айқындалады.

20. Авиациялық оқиғаны тексеру барысында алынған және авиациялық оқиғага қатысы бар кез келген мәлімдемелерді және адамдардың қуәгерлік етуін, кез келген хат алмасуларды қамтитын ақпаратқа, авиациялық оқиға туралы басқа да мәліметтерге тергеуді жүзеге асыратын құқық қорғау органдарымен келісім бойынша ғана жарайылыш

б е р і л у і

мұмкін.

21. Авиациялық оқиға жағдайларына қатысты жаңадан белгілі болған ақпаратты тексеруге қатысушылар комиссия төрағасына баяндайды. Олар комиссия төрағасының келісімімен осы ақпаратты ұшу қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды қабылдау үшін пайдалануы мүмкін. Тексеру үдерісіне зиян келтірмеу үшін көрсетілген ақпарат қандай да бір жағдайлар болмасын комиссия құрамына кірмейтін адамдарға немесе авиациялық оқиғаны тексеруді жүргізу үшін тартылмайтын мамандарға берілмейді немесе олармен талқыланбайды.

Орыс тіліндегі түпнұсқаға сәйкес мемлекеттік тілге аударылды

KР

К о рға ныс

министрлігі

Халықаралық

ынтымақтастық

департаменті

бастығының орынбасары полковник

Ә. Кулбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК